

"Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аралық бақылауды өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 20 қарашадағы № 561 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 30 қарашадағы № 553 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 20 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5972 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 515 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.12.07 № 515 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аралық бақылауды өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 20 қарашадағы № 561 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5033 болып тіркелген, 2008 жылғы 11 қаңтарда № 4 (1230) «Заң газетінде» жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында мемлекеттік аралық бақылауды ұйымдастыру және өткізу ережесінде (әрі қарай - Ереже):

Ереже атауының мемлекеттік тілдегі мәтінінде «ұйымдастыру және» деген сөздері алып тасталынсын;

мемлекеттік тілдегі мәтіннің 7-тармағында «білім департаменттері» деген сөздер «, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары» деген сөздермен ауыстырылсын;

8 - т а р м а қ т а :

«облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім департаменті директорының» деген сөздер «облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармасы бастығының» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Мемлекеттік комиссияның жұмысы туралы ережені Министрлік бекітеді.» деген сөйлем алып тасталынсын;

9-тармақтағы «Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының

ұлттық орталығы» деген сөздер «Ұлттық тестілеу орталығы» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

бүкіл мәтін бойынша «БТМСҰ0» аббревиатурасы «ҰТО» аббревиатурасымен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

17-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі жылдың 15 қаңтарына дейін білім беру ұйымдарының кезектен тыс аттестаттау қорытындылары туралы ақпаратты М и н и с т р л і к к е ұ с ы н а д ы . » .

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (Н.Б. Қалабаев):

1) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.Н. Сарыбековке ж ү к т е л с і н .

4. Осы бұйрық оны алғаш рет ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
<i>Білім және ғылым министрі</i>	<i>Ж. Түймебаев</i>	